

Менің отбасым

Әли Алматы қаласында мұғалім мамандығында оқиды. Ол өте білімді. Әли Алматы қаласында аға- жеңгесі, ағасы және қарындасымен бірге тұрады. Әлидің ағасы Мәди дәрігер, ол өте сабырлы және еңбекқор. Ағасы үйден таңертен ерте шығып, кешке кеш қайтады. Мәдидің жасы қырықта. Әлидің жеңгесі - Айғаным, оның жасы отыз жетіде. Ол мектепте орыс тілінен сабақ береді. Айғаным - мейірімді, әрі көңілді мұғалім. Әлидің қарындасы Дана мектепте 8 сыныпта оқиды. Оның ең сүйікті пәндері математика және дене шынықтыру. Ол сабақтан бос уақытында мұзайдында коньки тепкенді жақсы көреді. Дана - өте ақылды қыз. Әлидің өзінен төрт жас үлкен ағасы бар. Оның аты - Айдар. Айдар заңгер. Оның жасы 25 -те. Айдар демалыс күндерін мұражай мен кітапханада өткізгенді жақсы көреді. Оның мінезі қатал. Әлидің отбасы тату әрі бақытты. Олар бос уақыттарын отбасымен өткізгенді, бірге табиғат аясында серуендеуді ұнатады.

Тапсырма:

Бос орындарды толтыр

Мәди, ол өте сабырлы және еңбекқор.
Айғаным -, әрі мұғалім.
Әлидің Дана мектепте 8 сыныпта оқиды.
Әлидің өзінен төрт жас үлкен бар.

Сәйкестендір

Мәди
Айғаным
Дана
Айдар

